



Мектеп директоры м.а.: А.Б.Исбуסיнова

**ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

Тақырыбы: Әлеуметтік педагогтің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу және жүзеге асыру туралы

Жауапты тұлға: Кшаева Г.Т., әлеуметтік педагог

Мекеме: Ақсу негізгі орта мектебі

2024–2025 оқу жылына арналған әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына, мектептің даму жоспарына, оқушылардың әлеуметтік жағдайына жүргізілген мониторинг нәтижелеріне және өткен оқу жылындағы жұмыс талдауына сүйене отырып әзірленді.

Жоспарда келесі бағыттар қамтылды:

Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық;

Оқушылардың құқықтарын қорғау;


Әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету;

Әлеуметтік бейімдеу және алдын алу шаралары.

Оқу жылы ішінде жоспарланған іс-шаралар кезең-кезеңімен орындалды:

Көпбалалы, отбасынан шыққан оқушылардың тізімі жасалды. Әлеуметтік карталар жаңартылды.

Отбасылармен сұхбаттар жүргізіліп, қажет болған жағдайда материалдық көмек көрсетілді. "Қамқорлық" акциясына ұйымдастыру жұмыстары атқарылды. Мектептегі білім алушылар туралы мәлеметті «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесінде жүргізілді. Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәлеметтерді және сыныптың әлеуметтік паспорты кестесі жасалды. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды оқулықпен, оқу құралдарымен қамтамасыз етті



Мектептің әлеуметтік паспортың қалыптастыру, білім алушылардың отбасы түрі бойынша санаты анықталды. (толық отбасылыр, толық емес отбасылар, анасы жоқ балалар, әкесі жоқ балалар, көпбалалы отбасылар, аз қамтылған отбасыла, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедек балалар, азаматтығы жоқ білім алушылар, басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар, мекетепшілік бақылау есебінде тұрғандар.)

Мектептің әлеуметтік паспортын, әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушылардың тізімі жергілікті уәкілетті органдарға жолданды. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың жеке іс қағаздары реттеліп, есепке алу журналы жүргізіліп отырады.

Ақсу негізгі орта мектебінде 2025 жылы өткізілген «Жақсылыққа бір қадам» атты әлеуметтік-педагогикалық апталықтың ұйымдастырылуына және өткізілуіне Кшаева жауапты.

Апталықтың

мақсаты:

Оқушыларды мейірімділікке, өзара құрметке, әлеуметтік белсенділікке тәрбиелеу, қоғамға пайда келтіру мен волонтерлік мәдениетті дамыту.

Апталықтың жоспарын әзірлеу және үйлестіру;

Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

Фото/бейнематериалдар жинақтау;

Жүргізілген жұмыстар туралы есеп дайындау;

Ақпаратты мектеп сайты мен әлеуметтік желілерде жариялау.



29-қазан – Қамқоршылар күніне орай өткізілген апталықты ұйымдастыру, жұмыс жоспарын әзірлеу және іске асыру жұмыстары жүргізілді.

Апталықтың

мақсаты:

Қамқоршылар мен отбасылық қолдауды қажет ететін оқушыларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету, мектеп пен қамқоршылар арасындағы байланысты нығайту, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу.

Апталық аясында өткізілетін іс-шаралардың жоспарын құру;

Қамқоршылармен кездесулер, ашық сабақтар, тәрбие сағаттарын ұйымдастыру;

Қатысушылар тізімін жинақтау және үйлестіру;

Іс-шараларды фото/видеоға түсіру және есеп дайындау;

Жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты мектеп сайтында және әлеуметтік желілерде жариялау.

«Қош келдің, Жаңа жыл» мерекелік шарасына білім алушыларды аудан, облыс және президент шыршаларына қатысты, білім алушылардың жекелеген санаттарына демеушілер және басқа да көздер есебінен жаңа жылдық сыйлықтар табысталды.



2025 жылдың 1-маусым – Балаларды қорғау күні қарсаңында өткізілетін қайырымдылық акциялары мен мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстары бойынша берілді.

Аталған іс-шараларды ұйымдастыруға Кшаева жауапты болып белгіленді. Ол іс-шаралардың дайындық жұмыстары, еріктілермен жұмыс, демеушілермен байланыс және балаларға арналған бағдарламаларды үйлестіруді жүзеге асырады.

Балаларға арналған мерекелік концерт;

Тегін медициналық тексеру бұрышы;

Ойын-сауық алаңдары мен аниматорлар;

Қайырымдылық жәрмеңкесі және сыйлықтар тарату;

Мұқтаж отбасылар мен балаларға көмек көрсету.



2025 жылы білім беру мекемесінде оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерделеу, көмекке мұқтаж балаларды анықтау мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы берілді.

Отбасы картасы – оқушының отбасылық жағдайын, ата-анасының жұмыс орны, отбасы мүшелерінің саны, отбасындағы әлеуметтік ахуалды анықтау мақсатында;

Әлеуметтік карта – материалдық жағдайы төмен, көпбалалы, толық емес немесе ерекше әлеуметтік санаттағы отбасыларды есепке алу үшін;

Оқушы картасы – әрбір оқушының жеке жағдайы мен қажеттіліктерін зерделеуге арналған.

Жоғарыда аталған құжаттардың негізінде мектептің қамқоршылық кеңесі мен әлеуметтік педагог тарапынан нақты ұсыныстар дайындалып, қажетті көмектер мен қолдау көрсету шаралары жүзеге асырылды.

«Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыбында өткізілетін ақпараттық-түсіндіру және тәрбие жұмыстары аясында берілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылар мен ата-аналарға салауатты өмір салтының негізі болып табылатын дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру, пайдалы және зиянды тағамдар туралы білімдерін арттыру.

Дұрыс тамақтануға байланысты сынып сағаттары;  
Көрнекі ақпараттық бұрыштар мен стендтер дайындау;  
Диетолог немесе медицина қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру;  
Оқушылар арасында сауалнама және танымдық викториналар өткізу;  
Ата-аналармен түсіндірме жұмыстары.  
Бұл іс-шара оқушылардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру, денсаулығын нығайту және түрлі аурулардың алдын алу мақсатында өткізілді.



Әлеуметтік педагог:

Г.К.Кшаева